| | | |
|---|---|---|
| БЕКІТЕМІН<br>Директор ____________ Ж. Жанайдаров<br>«01» ____09____ 2023 ж. | КЕЛІСІЛДІ<br>Мектептің қамқоршылық кеңесі<br>« 02 » ____09____ 2023 ж.<br><br>№ 1 хаттама | ҚАРАЛДЫ<br>Педагогикалық кеңес<br>«31» тамыз 2023 ж.<br><br>№ 1 хаттама |

# «АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ «МҰХТАР АРЫН АТЫНДАҒЫ ҚАРҒАЛЫ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ 2023-2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

# БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

| | |
|---|---|
| Атауы | «Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі» КММ 2023-2027 жж. арналған даму бағдарламасы |
| Әзірлеу үшін негіздеме | ҚР «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің №130 бұйрығы |
| Негізгі әзірлеуші | Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі |
| Мақсаттары | Білім алушылардың білім сапасын арттыру, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту |
| Міндеттері | Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету;<br>Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету;<br>Мектепті сандық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру;<br>Білім беруді басқарудың тиімділігін арттыру;<br>Кадрлық әлеуетті дамыту;<br>Инновациялық жобаларды тиімді енгізу;<br>Қаржы ресурстарын тиімді басқару |
| Күтілетін нәтижелер | Білім алушылардың білім сапасы 20%-ға өседі;<br>Қауіпсіз және жайлы орта қалыптасады, оқу кабинеттері жабдықтармен жарақталады;<br>Білім алушы мектепке айналады;<br>Инновациялық жобалар енгізіледі;<br>Білім беруді басқарудың тиімділігі артады. |
| Іске асыру мерзімдері | 2023-2027 жылдар |

# Кіріспе

Бағдарламаның инновациялық, стратегиялық және жобалық менеджмент негізінде мектептің дамуын перспективалық жоспарлау бағыты бойынша мектептің миссиясы анықталып, алдағы бес жылға арналған перспективалық жоспар құрылды. Ол үшін мектептің ағымдағы жағдайы мен SWOT талдауы жасалып, сауалнамалар алынды. Жоспардың мақсат, міндеттері, стратегиялық бағыттары мен басымдықтары, күтілетін нәтижелері белгіленді.

Жоспарда көрсетілген мақсаттарға, күтілетін межеге жетуде мектепішілік бақылау және мониторинг негізінде білім беру үдерісінің сапасын басқару басты рөл атқарады. Осы мақсатта мектепішілік бақылауды жүйелендіріп, бағыттарын айқандадық. Мектеп педагогтары үшін ашық, түсінікті мониторинг құрылды.

Педагогтерде бірлесіп жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыру мақсатында мектепте желілік қауымдастық жұмысы жүйелендірілді. Жетекші мектепке қарасты мектептермен байланыс орнады. Бір облыстық және бір қалалық шеберхана жұмысын бастады. Төрт LS топтары құрылды.

Әлемдік пандемия білім саласына да біраз әсер етті. Білім сапасы төмендеді. Сондықтан білім сапасын арттыру негізгі басымдық болды. Мектептің оқу кабинеттерінің заманауи жарақталуы 50-60%, инклюзивті білім беру курсынан өткен педагогтардың үлесі 30%, ғылыми зерттеу жұмысымен айналысатын оқушылар үлесінің төмендігі, LS зерттеу топтары жұмысының жүйелі жүргізілмеуі, материалдық-техникалық базаның көнеруі, мектеп бойынша инновациялық жобалардың болмауы «Инклюзивті білім беруді қолдау», «Білім алушылардың функионалдық сауаттылығын дамыту», «Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру», «Білім алушы мектепке айналу», «LS жұмысын жүйелеу», «Инновациялық жобаларды (трендтерді) енгізу», «Жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету» жоспарда белгіленген басымдық болуына ықпал етті. Перспективалық жоспар бойынша білім сапасы жыл сайын 5-7%-ға артады, оқу кабинеттері үш жылда кезең-кезеңімен толық жарақталады, педагогтар кем дегенде 70% инклюзивті білім беру бойынша курстан өтеді, құндылықтарға негізделген білім беру мектептегі тәрбие процесіне енгізіледі, оқушылардың ғылыми қоғамы жұмыс жасайды, LS шығармашылық топтарының саны көбейеді, үш инновациялық жоба енгізіліп, бес команда құрылады, мектепішілік бақылау жүйеленеді, материалдық-техникалық база жыл сайын 15-20%-ға жаңарады деп күтіледі. Перспективалық жоспарды орындау мақсатында егжей-тегжейлі (оперативті) жоспар жасалды.

Мектепті дамытудың жоспарына мектеп мәдениетіне, құндылықтарға негізделген білім беру мен тәрбие, педагогтардың кәсіби дамуы басымдықтарына ерекше көңіл бөлінген дұрыс.

Өйткені мектеп мәдениетінің дұрыс қалыптасуы мектептегі кез келген инновациялық өзгерістердің табысты болуының кепілі десек те болады.

## Бағдарламаның мақсаты

Білім алушылардың білім сапасын арттыру, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту

## Бағдарламаның даму кезеңдері

| Жылдар | Іс-шаралар | Орындаушылар |
|---|---|---|
| 2023-2024 жж. | Мектеп қызметіне толық аудит жүргізу, талдау жасау; Мектепішілік бақылауды жүйелендіру (*Сапаны бақылаудан сапаны басқаруға көшу);*<br>Құндылықтарға негізделген білім беру мен тәрбие | Мектеп әкімшілігі |
| 2024-2025 жж. | Білім алушы мектеп алғышарттарын енгізу;<br>Инновациялық жобаларды (трендтерді) енгізу. | Мектеп әкімшілігі, мектеп командалары (жоба бойынша) |
| 2025-2026 жж. | Білім алушы мектеп идеясын бекіту;<br>Оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету. | Мектеп әкімшілігі, мектеп командалары (жоба бойынша), педагогтар |
| 2026-2027 жж. | Мектепте жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасын қалыптастыру | Мектеп әкімшілігі, педагогтар |

## Бағдарлама мониторингі

Бағдарламаның жүзеге асырылуы мектептің әдістемелік кеңесімен әзірленген мониторинг жоспарына сәйкес қадағаланады. Мониторинг мектепішілік бақылау арқылы, педагогтерден, ата-аналардан, оқушылардан сауалнама алу, олармен сұхбат жүргізу, жүргізілген жұмыстарға аналитикалық талдау жасау арқылы жүзеге асырылады. Жиналған ақпараттар, жүргізілген мониторинг нәтижелері, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, білім беру саясатының басым бағыттарындағы ықтимал өзгерістер негізінде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға түзетулер енгізілуі мүмкін.

## Мектеп қызметінің ағымдағы жағдайына қысқаша сипаттама

Мектепте **997** оқушы білім алады. Мектеп 1993 жылы салынған 600 орындық типтік ғимаратта орналасқан. **33** оқу бөлмесі бар, оның **26**-сы компьютермен жабдықталған. Мектепте 200 орындық асхана, физика, химия, биология кабинеттері, 2 компьютер кабинеті, 2 спортзал, 1 технология кабинеті, мұғалімдер бөлмесі, кітапхана, 180 орындық мәжіліс залы, сонымен қатар 502 компьютер, 13 интерактивті тақта, 5 Bilimbuk сенсорлы панель бар.

Әкімшілік құрамға директор, 3 оқу ісі жөніндегі орынбасар, 2 тәрбие ісі жөніндегі орынбасар кіреді.

Педагог саны – 99. Жоғары білімді - 93(94%), орта арнаулы - 5(4%). Магистр - 5. Жоғары санаттысы - 2, II санатты - 2. **Педагог-шебер - 1**, педагог-зерттеуші - 21, педагог-сарапшы - 31, педагог-модератор - 22. Сапа **84%**.

Оқу жылында аттестацияға **18** мұғалім өтініш беріп, барлығы да сәтті өтті. Олардың ішінде педагог зерттеуші - 4, педагог-сарапшы - 10, педагог-модератор - 4.

Биылғы жылы **базалық курстан** 18 мұғалім өтті. Қазіргі таңда мектеп бойынша педагогтар 100% базалық курстан өткен. Тиімді оқыту курсынан 7 педагог, критериалды бағалау курсы бойынша - 60 педагог курстан өтті.

Мектеп тірек мектептердің бірі болып табылады. Мектепте 20 педагог деңгейлік курстан өткен (І-деңгей - 5, II-деңгей - 4, III-деңгей – 11).

## Мектептің 2020-2022 жылдардағы білім беру жүйесінің жағдайына талдау

2022-2023 оқу жылында Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің оқу-тәрбие.үрдісі «Білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру» өзекті мәселесі, «**Дамытушы технологиялар арқылы оқушының жеке тұлғалық және танымдық қабілетін жетілдіру**» әдістемелік тақырыбы бойынша белгіленген міндеттерді жүзеге асыруға бағытталды.

**Мектептің жылдық оқу сапасы:**

| 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 |
|---|---|---|
| 54% | 49% | 50% |

## Дарынды оқушылармен жұмыстың талдауы

Мектебімізде дарынды оқушылармен жұмыс тікелей «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының және Ақтөбе қалалық білім бөлімінің жоспарына сәйкес жүргізіледі. Мектебімізде 150 дарынды оқушы бар, оның ішінде 75 оқушы белсенді түрде байқауларға қатысып отырады.

Біздің оқушылар бәсекеге қабілеттігімен ерекшеленіп, республикалық сайыстар, ғылыми жарыстар мен пәндік олимпиадаларға белсенді қатысады. Мектебіміздің оқушылары қатысып жеңіске жеткен қалалық, облыстық, республикалық, олимпиадалардың ауқымы өте кең. Осы жұмыстарға жекелей тоқталатын болсақ:

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың I, II, III кезеңдерінің екі жылдық салыстырмалы көрсеткіші

| № | қала | облыс | респ |
|---|---|---|---|
| **2021-2022** | **7** | **2** | **1** |
| **2022-2023** | **8** | **2** | **0** |

2022-2023 оқу жылындағы жалпы білім беретін пәндерден **республикалық олимпиада** қорытындысы бойынша ең үздік бірлестік – **орыс тілі** бірлестігі.

**«Зерде», «Дарын» ғылыми жобалар конкурсы**

| № | қала | облыс | респ |
|---|---|---|---|
| **2021-2022** | **3** | **1/5** | **-** |
| **2022-2023** | **5** | **-/8** | **-** |

2021-2022 оқужылындағы республикалық **ғылыми жоба қорғау бойынша** ең үздік бірлестік – орыс тілі бірлестігі.

**5-6 кластар арасында республикалық олимпиада**

| № | қала | облыс | респ |
|---|---|---|---|
| **2021-2022** | **1** | | **-** |
| **2022-2023** | **6** | | **-** |

**Республикалық «Елбасы медалі» жобасы**

| Оқу жылы | Қатысқан оқушы саны | Орын |
|---|---|---|
| | **Республика** | **рес** |
| 2021-2022 | 10 | 2 қола |
| 2022-2023 | 5 | 4/ Қола медаль |

**Педагогикалық қызметкерлердің рейтингі бойынша**

Мамыр айында мұғалімдер қызметінің көрсеткіш рейтингі алдын ала құрылған мониторинг бойынша анықталады. Мұғалімдердің 3 жылдық мониторинг нәтижесі төмендегідей:

| № | Педагогтің аты-жөні | Жинаған балы |
|---|---|---|
| 2020-2021 | Алипова Гүлшат Қуанышбайқызы | 124 балл |
| 2021-2022 | Алишева Анаргүл | 208 балл |
| 2022-2023 | Жаныбекова Марзия Шхатовна | 178 балл |

**Курстан өту** бойынша былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 9%-ға өсу бар:

| курс | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 | Айырмасы |
|---|---|---|---|---|
| Барлық өткендер саны | 22 | 18 | 34 | +16 |
| Сапа | 23% | 19% | 35% | +12% |

2022 – 2023 оқу жылының қортындысы бойынша мектепшілік және **мектептен тыс спорттық секциялар мен үйірмелерге** 619 оқушы қамтылған. Алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда 30% - ға өсім бар.

| № | Мазмұны | 2021-2022 оқу жылы | 2022-2023 оқу жылы |
|---|---|---|---|
| 1. | Оқушы саны | 1025 | 987 |
| 2. | Мектепшілік үйірмелер | 157 оқушы | 299 оқушы |
| 3. | Мектепшілік спорттық секциялар | 135 оқушы | 252 оқушы |
| 4. | Мектептен тыс үйірмелер | 132 оқушы | 135 оқушы |
| 5. | Мектептен тыс секциялар | 105 оқушы | 110 оқушы |
| 6. | Жалпы мектептің пайызы | 51 % | 81% |

**Оқушылардың әлеуметтік жағдайы:**

Оқушылардың әлеуметтік жағдайы анықталды. Зерттеу барысында отбасы саны – 695, көп балалы отбасы балалары – 154/32, қолайсыз отбасы балалары – 2/1, қамқоршылық/қорғаншылық балалар – 3/3, аз қамтылған отбасы 109/56, толық отбасы балалары – 5935/664, толық емес отбасы 52/31, АӘК(АСП) алатын отбасы – 48/28, бауырлары бар балалар – 955, жанұяда жалғыз бала –32. Оқу жылының басын 978 оқушымен бастап, 979 оқушымен аяқтап отырмыз.

**Әлеуметтік көрсеткіш**

| **уақыты / қорыт/ы** | **2020/21оқу жылы** | **2021/22 оқужылы** | **2022/23оқу жылы** |
|---|---|---|---|
| **Бала саны** | 1129 | 1025 | 979 |
| **Толықемесотбасы** | 127 | 80 | 52 |
| **Аз қамтылған** | 187 | 75 | 109 |
| **Оралман** | 0 | 0 | 0 |
| **Жетім, қамқорлықта** | 7 | 5 | 3 |
| **Көп бала** | 255 | 180 | 154 |

**«Жетім, қамқорлықтағы» оқушыға байланысты көрсеткіші:**

| уақыты / көрсеткіші | 2020/21оқу жылы | 2021/22 оқу жылы | 2022/23оқу жылы |
|---|---|---|---|
| Жетім және қамқорлықтағы жалпы бала саны | 7 | 6 | 5 |
| Мектепте оқитындар саны | 7 | 5 | 3 |
| Оқу орны бойынша саны/жеке мектеп | 0 | 1 | 2 |
| Балабақшада тәрбиеленуші | 0 | 0 | 0 |

**Республикалық «Мектепке жол» акциясының көрсеткіші**

| | **Мектеп бюджеті бойынша қамтылған оқушылар саны** | **Демеушілер атынан қамтылған оқушылар саны** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|
| 2020-2021 оқу жылы | 220<br>(5 547 156, 87т.) | 129<br>( 374 000 тг.) | 349<br>(5 921 156,87т) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2021-2022<br>оқу жылы | 115<br>(3 321 317, 67т.) | 169<br>(602 210 тг.) | 284<br>(3 923 527 67т.) |
| 2022-2023<br>оқу жылы | 160<br>(5 982 240 тг.) | 77<br>(870 525 тг.) | 237<br>(6 852 765 тг) |

| **Оқушылардың тамақтану жағдайы** | **2020-2021** | **2021-2022** | **2022-2023** |
|---|---|---|---|
| **Жалпы бала саны** | 1129 | 1025 | 979 |
| **Тамақтанған бала саны** | 0 | 128 | 184 |
| **1-4 класс** | 0 | 58 | 66 |
| **5-8 класс** | 0 | 59 | 88 |
| **9-11 класс** | 0 | 12 | 30 |
| **Арендатор есебінен** | 0 | 4 | 10 |

## *Кітап қорымен жұмыс*

| ***Оқу жылы*** | ***2020/2021*** | ***2021/2022*** | ***2022/2023*** |
|---|---|---|---|
| Кітап қоры | 24752 | 27785 | 22960 |
| Оқулық қоры | 22013 | 24987 | 22265 |
| Қордың өсуі | 5019 | 2975 | 2778 |

# Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау

| **Кадрлық ресурстар** | | | |
|---|---|---|---|
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер |
| Педагогикалық кадрлар біліктілігінің жоғары деңгейі;<br>Жаңартылған форматтағы біліктілік санаттардың өсуі;<br>Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша, үш тілділік курстары,шет тілі бойынша курстар,деңгейлік курстар арқылы біліктілікті арттыру;<br>тұрақты педагогикалық кадр;<br>жоғары педагогикалық әлеует білікті әкімшілік. | мектеп ұжымының өзгерістерге сенімнің аз болуы;<br>көпшілігі тәуелді деңгейде. | тәуелділік сатыдан, өзін-өзі бағыттаушы сатысына көтеру. | Ағылшын, орыс тілі, математика, пәні мұғалімдерінің жетіспеуі |
| **Материалдық-техникалық ресурстар** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер |
| оқушылардың білім алуына жайлы жағдай жасалған. | материалдық техникалық базамен толық қамтылмаған;<br>қаржы жұмсаудың дұрыс жоспарланбауы. | материалдық-техникалық базаны нығайту. | Қаржы ресурстарының тиімді жұмсалмауы;<br>Бюджеттік қаражатың толық бөлінбеуі; |
| **Ақпараттық ресурстар** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер |
| 100 мб/с интернет желісінің тұрақты жұмыс жасауы;<br>Мектеп компьютер, ноутбукпен толық қамтылған;<br>Мектептің жеке интернет сайтының және Instagram, Facebook, парақшаларының болуы. | оқыту процесінде сандық білім беру ресурстарын пайдаланудың жеткіліксіздігі;<br>сайтқа, әлеуметтік желілерге салынатын ақпараттардың сапасының төмендігі; | сандық құзыреттілікті дамыту;<br>ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалана білуге ұмтылу. | Ақпараттық ресурстарды таңдай алмау. |
| **Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер |
| тірек мектебі болып табылады;<br>сертификатталған мұғалімдердің желілік қоғамдастығы;<br>Педагогтардың ішкі | жаңа инновациялық жобалардың жүзеге асырылмауы;<br>Мұғалімдердің оқушыларды олимпиадаларға дайындалуда | инновациялық жобаларды енгізу;<br>командада жұмыс жасауға үйрену;<br>тірек мектептерімен бірге жұмыс | мектеп бойынша инновациялық өзгерістердің толық мәнінде енгізілмейді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| корпоративтік біліктілігін арттыру (коучинг);<br>Әдістемелік-дидактикалық құралдарды әзірлеу. | ресурстарды тиімді пайдаланбауы;<br>Облыстық және республикалық деңгейде педагогтардың озат тәжірибесін аз ұсынуы.<br>зерттеу сабақтары бойынша шығармашылық топтардың жұмысының жүйесіздігі, шығармашылық топ жұмыстарының нәтижесінің болмауы. | істеу;<br>ЖОО, АОО, меморандумға отыру;<br>әдістемелік орталықтармен бірігіп жұмыс жасау;<br>курс, семинар, тренинг, коучингтердің жүйелі жүргізілуін басқару; т.б. қатысу, оқу;<br>Цифрлық ресурстар арқылы педагогтарды кәсіби білімдерін жетілдіру;<br>Педагогтарды облыстық және республикалық деңгейдегі озат тәжірибесін таратуға уәждеу | |
| **Білім беру мазмұнын іске асыру** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер |
| Деңгейлік, базалық курстан өткен педагогтардың үлесі; | оқушылардың функционалдық сауаттылығының төменділігі; | | функционалдық сауаттылық дамымайды;<br>ЖББС талаптары толық орындалмайды; |
| **Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер |
| Оқушылардың ғылыми қоғамы жұмыс жасайды;<br>Физика, биология, химия, технология кабинеттерінің, жылыжайдың жаңадан жабдықталуы;<br>Педагогтардың сапалық құрамы. | Ғылыми қоғам жұмысының жүйесіздігі;<br>Магистрлердың ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене араласпауы;<br>Қосымша білім берудің сапасының төмендігі. | білім сапасын көтеру; | білім сапасы төмен болады;<br>қала көлемінде мектеп беделі түседі. |
| **Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлға және өзін-өзі іске асыру шарттары** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер |
| «ЖасҰлан», «Жас Қыран», «Мектеп Парламенті», «Дебат» клубы, «Арын еріктілері», «Адалдық алаңы», «Мұрагер» әкелер мектебі, «Ақ орамал» | оқу-тәрбие процесіне ата-аналар мен қоғам өкілдерінің аз тартылуы;<br>балалар қоғамдық ұйымдары жұмыстарының жүйелі | Ата-аналарды қолдау орталығын ашу;<br>Коворкинг орталығын ашу. | Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың болуы. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| аналар мектебі, «Сырғалым» қыздар клубы ұйымдарының жұмыс жасайды. | жүргізілмеуі. | | |
| **Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары** | | | |
| Ішкі мықты жақтары | Ішкі осал жақтары | Қолайлы мүмкіндіктер | Сыртқы қауіптер |
| Мектепте спорттық секциялардың жұмыс жасауы; Екі спорт залы және спорттық алаң мен воркаут бар. | Спорттық секциялардың сапасы; Спорттық инвентарьлармен толық жарақталмауы. | Заманауи спорттық жарақтар алу. | Балалардың бос уақытын дұрыс пайдаланбауы |

## Мектептің миссиясы, мақсаттары мен міндеттері

**Мектеп миссиясы**:
Білім алушы ұйым ретінде мәдениетін қалыптастырған әлеуеті жоғары педагогтер арқылы, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген функционалды сауатты, сыни тұрғыдан ойлауы жоғары, икемді дағдыларды игерген тұлғаны оқытып, тәрбиелейді.

**Мектептің болашаққа бағдары (vision):**
Біздің мектеп келешекте - құндылыққа бағдарланған білім мен тәрбиеге негізделген мектеп мәдениетін қалыптастырған, қоғамның барлық қажеттіліктеріне жауап беретін қаладағы «жайлы мектептер» қатарына ене алады.

**Мектептің мақсаты:**
Білім алушылардың білім сапасын арттыру, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту

**Мектептің міндеттері:**
Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.
Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.
Мектепті сандық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру.
Білім беруді басқарудың тиімділігін арттыру.
Кадрлық әлеуетті дамыту.
Инновациялық жобаларды тиімді енгізу.
Қаржы ресурстарын тиімді басқару.

## Мектепті дамытудың басым бағыттары

1. Оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету
2. Құндылықтарға негізделген білім беру мен тәрбие
3. Білім алушылардың дамуы
4. Педагогтардың кәсіби дамуы
5. Қауіпсіз және қолайлы орта(жайлы мектеп)
6. Білім беруді тиімді басқару
7. Кәсіби қоғамдастықтағы серіктестік байланыстар

## Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Білім алушылардың білім сапасы 20%-ға өседі.

Қауіпсіз және жайлы орта қалыптасады, оқу кабинеттері жабдықтармен жарақталады.

Білім алушы мектепке айналады.

Инновациялық жобалар енгізіледі.

Білім беруді басқарудың тиімділігі артады.

| Стратегиялық бағыттар | 2023-2024ж. | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Басымдықтар | Мақсат | Күтілетін нәтижелер | Табыс критерийлері |
| Оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету | 1. Білім беру сапасын арттыру.<br>2. Білім берудегі қолжетімділікті қамтамасыз ету.<br>3. Инклюзивті білім беруді қолдау. | 1. Мектептің білім беру сапасын көтеру.<br>2. Білім беру материалдарына қолжетімділікті арттыру, мультимедиялық жабдықтармен жарақтау.<br>3. Оқушылар арасындағы оқу үлгерімінің алшақтығын төмендету<br>4. Оқытудың ерекше қажеттілігі бар балалардыәлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету, оларға арнайы жағдай қалыптастыру | 1. Білім сапасы артады.<br>2. Оқу кабинеттері мультимедиялық жабдықтармен жарақталады.<br>3. Үздік оқушы мен үлгерімі төмен оқушы арасында оқу үлгерімінің алшақтығы төмендейді.<br>4. Оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларды әлеуметтендіру жүреді, оларға арнайы жағдай қалыптасады. | 1. Білім сапасы 7-10%-ға артады.<br>2. Кем дегенде 5 сенсорлы панель сатып алынады.<br>3.Үздік оқушы мен үлгерімі төмен оқушы арасында оқу үлгерімінің алшақтығы кемінде 10%-ға төмендейді.<br>4. Кем дегенде 70% педагог инклюзивті білім беру бойынша курстан өтеді.<br>5. Дефектолог мамандығы бойынша штаттық бірлік ашылады.<br>6. Дефектолог, логопед кабинетіне арналған жабдықтар жиынтығы сатып алынады. |
| Құндылықтарға негізделген білім беру мен тәрбие | 1.Білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.<br>2. Баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.<br>3. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін жүзеге асыру. | 1.Мектептің тәрбиепроцесінжүйелендіру.<br>2. Мұғалім мен оқушы арасында ұтымды қарым-қатынас орнату.<br>3. Оқушылардың бойына құндылықтарды дәріптеу.<br>4. Сабақтардың сапасын арттыру.<br>5. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағытын жүзеге асыру. | 1. Құндылықтар негізінде білім беру мектептегі тәрбие процесіне енуі қамтамасыз етіледі және жүйеленеді.<br>2. Мұғалімдер мен жаңа ғасыр ұрпағы арасында тиімді қарым-қатынас орнайды.<br>3. Тәрбиенің тиімді әдістерін таңдауға мүмкіндік болады.<br>4. Тәрбиенің тұжырымдамалық 8 бағыты жүзеге асырылады. | 1. Білім беру мен тәрбие процесінде тиімді атмосфера орнайды.<br>2. Оқу сапасы 5-7%-ға артады.<br>3. Тәрбиенің тиімді әдістері пайда болады.<br>4. Гуманитарлық пәндердің 50% сабақтарына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіру іске асырылады. |
| Білім алушылардың дамуы | 1.Халықаралық зерттеулер /PISA.TIMSS PIRLS/ аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. | 1. Оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру, олардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру.<br>2. Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналы- | 1. Оқушылар ғылыми жарыстарға, ғылыми конференцияларға, оқу-әдістемелік жиындардың жұмыстарына, шығармашылық экспедицияларға | 1. Оқушылардың ғылыми қоғамы құрылады<br>2. Оқушылардың ғылыми–зерттеу жұмысындағы жаңашылдықты қалыптастыру үшін зерттеу тобы құрылады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2.Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. | сатын дарынды білім алушыны қалыптастыру.<br>3. Қоғамдық өмірге бейімделген интеллектуалды жеке тұлғаны қалыптастыру. | қатысады.<br>2. Ғылыми сипаттама беруді үйренеді және ғылыми еңбектермен жұмыс жасау әдістерін меңгереді.<br>3. Білім сапасы артады. | 3. Оқушылардың интеллектуалдық дамуының өсу деңгейі 20%-ға артады. |
| Педагогтардың кәсіби дамуы | 1. Білім алушы мектеп алғышарттарын енгізу.<br>2. Шеберхана және бірлестік жұмыстарын қалыптастыру.<br>3. Оқыту мен оқу процесін жақсарту мақсатында LSзерттеу топтарының жұмысын ұйымдастыру.<br>4. Цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың аясын кеңейту. | 1. Мектеп педагогтары үшін үздіксіз білім алуға жағдай жасау және қолдау.<br>2. Педагогтерді ортақ мақсат пен құндылықтарды бөлісуге және оқу мен оқыту тәжірибесін жақсарту арқылы білім сапасын арттыру.<br>3. Жоспарланған зерттеушілік және шығармашылық шеберханалар жұмыстары арқылы білім беру ортасыныңсапасы мен тиімділігін арттыру. | 1. Педагогтер бірлескен зерттеулер жүргізеді, өзара оқытады, идеялар-мен бөліседі.<br>2. Шеберханалар мен бірлестік жұмыстары арқылы мұғалімдер сапалы нәтижеге қол жеткізеді.<br>2. LS тәсілі негізінде педагогтардың бірлесіп жоспарлау дағдысы калыптасады, кәсіби құзыреттілігі шыңдалады. | 1. Екі облыстық және екі қалалық деңгейде шығармашылық шеберхана жұмысын бастайды.<br>2. LS жүргізілетін сыныптарда сапа 10%-ға артады.<br>3. Педагогтердің 60%-ы LS курстарынан өтеді. |
| Қауіпсіз және қолайлы орта (жайлы мектеп) | 1. Мектепті жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету<br>2.Мектептің психоло-гиялық қызметінің білім беру процесінің барлық қатысушылары арасын-да қолайлы психология-лық ахуал жасауға бағытталған қызметін күшейту. | 1. Оқушыларға қауіпсіз және қолайлы жағдай жасау.<br>2. Мектеп жиһазын жаңарту, пәндік кабинеттерді, кітапхананы және асхананы жаңғырту.<br>3. Күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу.<br>4. «Қауіп тобындағы» балаларды ерте анықтау және оларға уақытылы көмек көрсету, буллингтің жолын кесу. | 1.Мектепте жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасы құрыла бастайды.<br>2. Мектеп жиһаздары жаңарады.<br>3. Жөндеу жұмыстары жүзеге асырылады.<br>4. Қолайлы психология-лық ахуал орнайды. | 1. Физика кабинеті 80%-ға, химия кабинеті 60%-ға, технология кабинеті 80%-ға жаңартылады.<br>2. Бір кітапхана жиынтығы алынады және асхана жиһаздары 100% жаңартылады.<br>3. Мектеп спортзалына, қасбетіне, айналасын абаттандыруға, жылы-жайға күрделі жөндеу жүргізіледі.<br>4. Мектепте татуласу(медиация) кабинеті ашылады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Білім беруді тиімді басқару | 1.Инновациялық жоба-ларды (трендтерді) енгізу қызметі.<br>2. Сапаны бақылаудан сапаны басқаруға көшу.<br>3. Мектепішілік бақы-лаудың тиімділігін арттыру.<br>4. Қаржы ресурстарын тиімді пайдалану. | 1. Білім берудің тиімділігін арттыру.<br>2. Мектеп командаларын құру.<br>3. Нәтижеге бағытталған білім беру жағдайында мектептегі басқару жүйесін жетілдіру.<br>3. Қосымша қаржы ресурстарын тарту. | 1. Білім беру сапасы артады.<br>2. Инновациялық жоба-ларды енгізу үшін мектеп командалары құрылады.<br>3. Басқару жүйесі жетіледі.<br>4. Қаржыны пайдалану бойынша есеп беру жүргізіледі. | 1. Білім сапасы 7-10%-ға көтеріледі.<br>2. Үш инновациялық жоба енгізіліп, төрт команда құрылады.<br>3. Мектепішілік бақылау жүйеленеді.<br>4. Педагогикалық кеңесте және Қамқоршылық кеңесте қаржы ресурстарын пайдалану бойынша есеп беріледі. |
| Кәсіби қоғам-дастықтағы серіктестік байланыстар | 1. Мектепішілік қоғам-дастықты құру, жұмы-сын жүйелеу.<br>2. Басқа мектептермен (жетекші, экспери-менттік алаңға айнал-ған) байланыс орнату. | 1. Педагогтерде бірлесіп жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыру<br>2. Тиімді тәжірибелермен алмасу. | 1. Мұғалімдерде бірлесіп жұмыс жасау мәдениеті қалыптасады<br>2. Тиімді тәжірибелермен алмасу жүреді. | 1. Мұғалімдердің 10%-ы өзгеріске ұшырайды.<br>2. Кем дегенде 3 мектептен кәсіби тығыз байланыс орнатылады. |

| **Бағыт** | **2024-2025ж.** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Басымдықтар | Мақсат | Күтілетін нәтижелер | Табыс критерийлері |
| Оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету | 1. Білім беру сапасын арттыру.<br>2. Білім берудегі қолжетімділікті қамтамасыз ету.<br>4. Инклюзивті білім беруді қолдау. | 1. Мектептің білім беру сапасын көтеру.<br>2. Білім беру материалдарына қол-жетімділікті арттыру, мультимедиялық жабдықтар-мен жарақтауды жалғастыру<br>4. Оқытудың ерекше қажет-тілігі бар балалардықолдау. | 1. Білім сапасы артады.<br>2. Оқу кабинеттері қосым-ша мультимедиялық жабдықтармен жарақталады.<br>3. Оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға қолдау жүзеге асырылады. | 1. Білім сапасы15-7%-ға артады.<br>2. Қосымша 5-7 сенсорлы панель мен бағдарламалар сатып алынады.<br>3. Ауданға қарасты ПМПК серіктестік орнайды. |
| Құндылықтарға негізделген білім беру мен тәрбие | 1. Білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.<br>2. Баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтама-сыз ету.<br>3. Тәрбиенің тұжырым- | 1. Мұғалім мен оқушы арасында ұтымды қарым-қатынасорнату.<br>2. Оқушылардың бойына құндылықтарды дәріптеу.<br>3. Сабақтардың сапасын арттыру.<br>3. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағытын жүзеге асыру. | 1. Құндылықтар негізінде білім беру мектептегі тәрбие процесіне енуі жалғасады.<br>2. Мұғалімдер мен жаңа ғасыр ұрпағы арасында тиімді қарым-қатынас орнайды.<br>3. Тәрбиенің тұжырымда-малық 8 бағыты жүзеге | 1. Білім беру мен тәрбие процесінде тиімді атмосфера орнайды.<br>2. Оқу сапасы 15%-ға артады.<br>3. Тәрбиенің тиімді әдістерін пайдалану жүзеге асырылады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | дамалық негіздерін жүзеге асыру. | | асырылады. | |
| Білім алушылардың дамуы | 1.Халықаралық зерттеулер /PISA.TIMSS PIRLS/ аясында білім алушылардың функцио-налдық сауаттылығын дамыту.<br>2.Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. | 1. Білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын дамыту, олардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру.<br>2. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға жағдайды қалыптастыру. | 1. Оқушылар ғылыми жарыстарға, ғылыми конференцияларға, оқу-әдістемелік жиындардың жұмыстарына, шығарма-шылық экспедицияларға қатысу жалғасады.<br>2. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыс-тарымен айналысуға мүмкіндіктері кеңейеді.<br>3. Білім сапасы артады. | 1. Жаратылыстану және гуманитарлық бағытында оқушылар зертханасы ашылады.<br>2. Оқушылардың ғылыми–зерттеу жұмысындағы жаңашылдықты қалыптастыру үшін зерттеу тобының жұмысы жалғасады.<br>3. ЖОО-ның зерттеу лаборо-торияларымен байланыс орнаты-лады. |
| Педагогтардың кәсіби дамуы | 1. Білім алушы мектеп идеясын бекіту.<br>2. Шеберхана және бірлестік жұмыстарын жалғастыру.<br>3. Оқыту мен оқу процесін жақсарту мақсатында LS жұмысын жалғастыру.<br>4. Цифрлық білім беру ресурстарынқолданудың аясын кеңейту. | 1. Мектеп педагогтары үшін үздіксіз білім алуға жағдай жасау және қолдау.<br>2. Педагогтерді ортақ мақсат пен құндылықтарды бөлісуге және оқу мен оқыту тәжірибесін жақсарту арқылы білім сапасын арттыру.<br>3. Жоспарланған зерттеушілік және шығармашылық шеберханалар жұмыстары арқылы білім беру ортасының сапасы мен тиімділігін арттыру. | 1. Педагогтер бірлескен зерттеулер жүргізуді жалғасытырады.<br>2. Шеберханалар мен бірлестік жұмыстары арқылы мұғалімдер сапалы нәтижеге қол жеткізеді.<br>2. LS зерттеу тобының жұмысы жалғасады. | 1. Шығармашылық шеберханалар жұмысы жалғасады.<br>2. LS жұмысы жүйеленіп, дағдыға айналады. |
| Қауіпсіз және қолайлы орта (жайлы мектеп) | 1. Мектепті жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету.<br>2. Мектептің психоло-гиялық қызметін қолдау. | 1. Оқушыларға қауіпсіз және қолайлы жағдай жасау.<br>2. Мектеп жиһазын жаңартуды, пәндік кабинет-терді жаңғыртуды жалғастыру.<br>3. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу.<br>4. Қолайлы псхихологиялық ахуал қалыптастыру | 1. Мектепте жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасы құрылады.<br>2. Мектеп жиһаздарын жаңарту жалғасады.<br>3. Жөндеу жұмыстары жүзеге асырылады.<br>4. Қолайлы псхихология-лық ахуал орнайды. | 1. АӘДТ кабинеті 100%-ға, тарихкабинеті 100%-ға, шет тілі кабинеті 100%-ға жаңартылады.<br>2. Мектеп дәлізінің 70% жиһаздары жаңартылады.<br>3. Мектепте ағымдағы жөндеу жүргізіледі.<br>4. Психолог кабинеті толық жабдықталады. |
| Білім беруді тиімді басқару | 1. Инновациялық жоба-ларды енгізу қызметі.<br>2. Сапаны басқару.<br>3. Мектепішілік бақы- | 1. Білім берудің тиімділігін арттыру.<br>2. Мектеп командаларынның жұмысын ұйымдастыру.<br>3. Мектептегі басқару жүйесін жетілдіру. | 1. Білім беру сапасы артады.<br>2. Мектеп команда-ларының тиімділігі артады.<br>3. Басқару жүйесі | 1. Білім сапасы 15%-ға көтеріледі.<br>2. Қосымша екі инновациялық жоба енгізіледі.<br>3. Педагогикалық кеңесте және |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | лауды тиімді жүргізу.<br>4. Қаржы ресурстарын тиімді пайдалану. | 3. Қосымша қаржы ресурс-тарын тарту. | қалыптасады.<br>4. Қаржыны пайдалану бойынша есеп беру жүргізіледі. | Қамқоршылық кеңесте қаржы ресурстарын пайдалану бойынша есеп беріледі. |
| Кәсіби қоғам-дастықтағы серіктестік байланыстар | 1. Мектепішілік қоғам-дастық жұмысын жүргізу.<br>2. Серіктестік байла-нысты жалғастыру. | 1. Педагогтердің бірлесіп жұмыс жасауын ұйымдастыру.<br>2. Тиімді тәжірибелермен алмасу. | 1. Мұғалімдерде бірлесіп жұмыс жасайды.<br>2. Тиімді тәжірибелермен алмасу жүреді. | 1. Мұғалімдердің бірлесіп жұмыс жасауы дағдыға айналады.<br>2. Кәсіби байланыс сапалық деңгейге шығады. |

| ***Стратегиялық бағыттар*** | ***2025-2026 ж.*** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Басымдықтар* | *Мақсат* | *Күтілетін нәтижелер* | *Табыс критерийлері* |
| Оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету | 1. Білім беру сапасын арттыру.<br>2. Білім берудегі қолжетімділікті қамтамасыз ету.<br>4. Инклюзивті білім беруді қолдау. | 1. Мектептің білім беру сапасын тұрақты ұстау.<br>2. Оқу кабинеттерін жабдықтауды жалғастыру.<br>3.Инклюзивті білім берудің жаңа деңгейіне шығу. | 1. Білім сапасы артады.<br>2. Оқу кабинеттерін жабдықтау жалғасады.<br>3. Оқытудың ерекше қажет-тілігі бар балаларды қолдау жұмысы жүйеленеді. | 1. Білім сапасы17-22%-ға артады.<br>2. Оқу кабинеттері 95%-ға жабдықталады.<br>3. Инклюзивті білім беру бойынша жоба енгізіледі. |
| Құндылықтарға негізделген білім беру мен тәрбие | 1. Білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.<br>2. Баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.<br>3. Тәрбиенің тұжырым-дамалық негіздерін жүзеге асыру. | 1.Тәрбие бағытындағы жобаларды жүзеге асыру.<br>2. Оқушылардың бойына құндылықтарды дәріптеу.<br>4. Сабақтардың сапасын арттыру.<br>5. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағытын жүзеге асыру. | 1. Құндылықтар негізінде білім беру мектептегі тәрбие процесіне енгізіледі.<br>2. Мұғалімдер мен білім алушылар арасында тиімді қарым-қатынас орнайды.<br>3.Тәрбиенің тұжырым-дамалық 8 бағыты жүзеге асырылады. | 1. Білім беру мен тәрбие процесінде тиімді атмосфера орнайды.<br>2. Оқу сапасы 20-22%-ға артады.<br>3. Тәрбие бағытында бес жоба жүзеге асырылады. |
| Білім алушылардың дамуы | 1.Халықаралық зерттеулер /PISA.TIMSS PIRLS/ аясында білім алушылардың функцио-налдық сауаттылығын дамыту.<br>2.Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. | 1. Білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын дамыту, олардың қабілеттері мен шығармашылықтарынарттыру.<br>2. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуын қолдау. | 1. Оқушылар ғылыми жарыстарға, ғылыми конференцияларға,оқу-әдістемелік жиындардың жұмыстарына,шығармашылық экспедицияларға қатысу жалғасады.<br>2. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарымен | 1. АТ зертханасы ашылады.<br>2. Оқушылардың ғылыми–зерттеу жұмысындағы жаңашылдықты қалыптастыру үшін зерттеу тобының жұмысы жалғасады.<br>3. Екі ЖОО-ның зерттеу лаборо-торияларымен біріккен жұмыстар атқарылады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | айналысуға мүмкіндіктері кеңейеді.<br>3. Білім сапасы артады. | |
| Педагогтардың кәсіби дамуы | 1. Білім алушы мектепке айналу.<br>2. Шеберхана және бірлестік жұмыстарын жалғастыру.<br>3. Оқыту мен оқу процесін жақсарту мақсатында LS жұмысын жалғастыру.<br>4. Цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың аясын кеңейту. | 1. Мектеп педагогтары үшін үздіксіз білім алуын қолдау.<br>2. Педагогтерді ортақ мақсат пен құндылық-тарды бөлісуге және оқу мен оқыту тәжірибесін жақсарту арқылы білім сапасын арттыру.<br>3. Жоспарланған зерттеушілік және шығармашылық шеберханалар жұмыстары арқылы білім беру ортасыныңсапасы мен тиімділігін арттыру. | 1. Педагогтер бірлескен зерттеулер жүргізуді жалғасытырады.<br>2. Шеберханалар мен бірлестік жұмыстары арқылы мұғалімдер сапалы нәтижеге қол жеткізеді.<br>2. LS зерттеу тобының жұмысы жалғасады. | 1. Шығармашылық шеберхана жұмысы жалғасады.<br>2. LS зерттеу топтарының саны 12-ге артады. |
| Қауіпсіз және қолайлы орта (жайлы мектеп | 1. Мектепте жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасын қалыптастыру.<br>2. Мектептің психоло-гиялық қызметін қолдау. | 1. Оқушыларға қауіпсіз және қолайлы жағдай орнату.<br>2. Мектеп жиһазын жаңартуды, пәндік кабинеттерді жаңғыртуды жалғастыру.<br>3. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу.<br>4. Қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру | 1. Мектепте жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасы қалыптасады.<br>2. Мектеп жиһаздарын жаңарту жалғасады.<br>3. Ағымдағы жөндеу жұмыстары жүзеге асырылады.<br>4. Қолайлы психология-лық ахуал қалыптасады. | 1. Пәндік кабинеттер 95% жабдықталады.<br>2. Мектепте қажеттілікке сай ағымдағы жөндеу жүргізіледі. |
| Білім беруді тиімді басқару | 1. Инновациялық жобаларды енгізу қызметі.<br>2. Сапаны басқару.<br>3. Мектепішілік бақы-лауды тиімді жүргізу.<br>4. Қаржы ресурстарын тиімді пайдалану. | 1. Мектеп командалары-ның жұмысын жалғас-тыру.<br>2. Мектептегі басқару жүйесін қалыптастыру.<br>3. Қосымша қаржы ресурстарын тарту. | 1. Білім беру сапасы артады.<br>2. Мектеп командала-рының жұмысы қалыпты деңгейге көшеді.<br>3. Басқару жүйесі қалыптасады.<br>4. Қаржыны пайдалану бойынша есеп беру жүргізіледі. | 1. Білім сапасы 22%-ға көтеріледі.<br>2. Жеті инновациялық жоба енгізіледі.<br>3. Педагогикалық кеңесте және Қамқоршылық кеңесте қаржы ресурстарын пайдалану бойынша есеп беріледі. |
| Кәсіби қоғам-дастықтағы серіктестік байланыстар | 1. Мектепішілік қоғамдастық жұмысы толық қалыптасады.<br>2. Серіктестік байла-нысты жалғастыру. | 1. Педагогтерде бірлесіп жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыру<br>2. Тиімді тәжірибелермен алмасу. | 1. Мұғалімдерде бірлесіп жұмыс жасайды.<br>2. Тиімді тәжірибелермен алмасу жүреді. | 1. Мұғалімдердің бірлесіп жұмыс жасауы 80% қалыптасады.<br>2. Кәсіби байланыс тұрақты деңгейге көшеді. |